| | |
|---|---|
| **«БЕКІТЕМІН»**<br>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректор өкілі<br>_____________ Женгиз Томар<br>«__11__» ___08___ 2022 ж. | **«БЕКІТЕМІН»**<br>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры<br>_____________ Ж.Темирбекова<br>«______» ___08___ 2022 ж. |

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ**

**УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**

***УЕ-ХҚТУ- 099 -2022***

# УНИВЕРСИТЕТТІҢ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІН ЖОСПАРЛАУ ЕРЕЖЕСІ

## АЛҒЫ СӨЗ

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Академиялық департаментпен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ | |
| 2. | Әзірлегендер | - Академиялық департамент директоры А.Бостанова<br>- Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы Л.Ибрагимова |
| 3. | Келісілді | - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова<br>- Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Пусат Пилтен<br>- Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев<br>- Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов |
| 4. | ЕНГІЗІЛДІ | - 2022 |
| 5. | Тексеру мерзімі | - 2024 |

**Қызмет бабында пайдаланылатын басылым**

**Түркістан, 2022**

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ
Сапа менеджменті басқармасы
ТЕКСЕРІЛДІ: "01" 10 2024 ж.
КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "01" 10 2025 ж.

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
ЖҰМЫС ДАНАСЫ № 186
"31" 08 2022 ж.

## МАЗМҰНЫ



| | | |
| --- | --- | --- |
| 1 | Қолданылу саласы | 3 |
| 2 | Нормативтік сілтемелер | 3 |
| 3 | Атаулар, анықтамалар және қысқартулар | 4 |
| 4 | Жауапкершілік және өкілеттілік | 4 |
| 5 | Жалпы ережелер | 4 |
| 6 | Оқу жүктемесін жоспарлау | 5 |
| 7 | Өзгерістерді енгізу тәртібі | 7 |
| 8 | Келісу, сақтау және тарату | 7 |
| 9 | Танысу парағы | 8 |
| 10 | Өзгерістер тіркеу парағы | 9 |

## 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) Профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау тәртібін анықтайды.

1.2 Бұл ереже университетте Профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлауды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесіне сай оқу жүктемені жоспарлау жүргізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ -ХҚТУ-099-2022ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау ережесінде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319 Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы»;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №606 «Әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасы туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 18 қыркүйектегі ҚР ДСМ-16 «Медицина кадрларын интернатурада даярлау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы №122 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы ПОҚ үшін ұсынылатын педагогикалық жүктеме мен ең төмен жалақыны айқындау туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4-шілдедегі № ҚР ДСМ-63 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы.
- Университет Жарғысы.

## 3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Университет - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
ҚР БҒМ -Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;
СМЖ - Сапа менеджментінің жүйесі;
ПОҚ - Профессор-оқытушылар құрамы;
БӨЖ - Білім алушының өзіндік жұмысы;
БОӨЖ - Білім алушының оқытушының басшылығымен өзіндік жұмысы;
ЖООКББ - Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;
СРСО - Стратегиялық жоспарлау, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығы;
АК - Аттестаттау комиссиясы;
УЕ - Университет ережесі;
ҚБТ - Қашықтықтан білім беру технологиясын пайдалану арқылы оқу процесін ұйымдастыру.

## 4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 УЕ университет Сенаты мәжілісінде бекітіледі.

4.2 УЕ талаптарының енгізілуіне Академиялық департамент директоры жауапты болып табылады.

4.3 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын Академиялық мәселелер вице-ректоры қадағалайды.

4.4 УЕ жүзеге асыруға кафедра меңгерушісі/бөлім басшысы мен факультет деканы/орталық директоры жауапты болып табылады.

## 5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Ереже университет профессор-оқытушылар құрамының (бұдан былай – ПОҚ) оқу жүктемесі нормаларын белгілейді.

5.2 Оқу жүктемесі мына оқу әрекеттерін қамтиды – дәрістер, семинарлар, практикалық, лабораториялық сабақтар, студиядағы жұмыстар, жеке сабақ, білім алушының оқытушының басшылығымен өзіндік жұмысы, оқу, педагогикалық, зерттеу, өндірістік, диплом алды практикаға, дипломдық жұмысқа (жобаға), магистрлік, докторлық диссертацияларға жетекшілік, қорытынды бақылауды (емтихан) қабылдау, АК жұмысына қатысу, эдвайзерлік.

5.3 Оқытушының орындайтын оқу жүктемесінің мөлшері білім алушылардың (студенттер, интерндер, магистранттар, резиденттер, докторанттар, тыңдаушылар) контингентіне қарай белгіленеді.

5.4 Оқу жүктеме нормалары сағатпен немесе академиялық кредитпен жоспарланады және есептеледі Кафедра меңгерушісі /бөлім басшысы жұмыс сағатының есебі негізінде ПОҚ-на оқу жүктемесін бөледі. ПОҚ-ның (әкімшілік және алқалық басқару қызметтеріне байланысты) жылдық жеке жүктеме мөлшері әр оқу жылы үшін университет Сенатында бекітіледі.

5.5 Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормаларын, оқу жұмысын, оқыту технологиялары арасында, оның ішінде қашықтықтан білім беру технологиясын (ҚБТ) пайдаланумен өтетін сабақтардың уақыт көлемінің арасалмағын білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын, аудиториялық сағаттардың үлесін, оқытушылар білімінің оқытатын пәндер бейініне

сәйкестігін ескере отырып, кафедра меңгерушісі/бөлім басшысы ПОҚ-ң жеке жүктемесін анықтайды, кафедра мәжілісінде талқылап, бекітуге ұсынады.

## 6 ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІН ЖОСПАРЛАУ

6.1 Оқу жұмысы көлемін жоспарлаған кезде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең болатыны негізге алынады. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

6.2. Аудиториялық сабақ әр пән көлемінің (дәрістер, практикалық, зертханалық, студиялық, жеке)–денсаулық сақтау (бакалавриат) бағытында базалық және бейіндеуші пәндер үшін 40%, басқа бағыттарда 30%, (сағат саны бакалавриат, магистратура, докторантура үшін 15 аптаға, дайындық орталығында оқитын тыңдаушылар үшін 18 аптаға, ± ауытқулар болу шартымен, қалдықсыз бөліну керек); БОӨЖ үлесі – денсаулық сақтау (бакалавриат) бағытында базалық пен бейіндеуші пәндер және дайындық орталығы үшін 30%, басқа бағыттарда 20%, БӨЖ үлесі –денсаулық сақтау (бакалавриат) бағытында базалық және бейіндеуші пәндер үшін 30%, дайындық орталығы үшін 30%, басқа бағыттарда 50% (БОӨЖ, БӨЖ – ның сағат саны бакалавриат, магистратура, докторантура үшін 15 аптаға, дайындық орталығында оқитын тыңдаушылар үшін 18 аптаға қалдықсыз бөліну керек;). Интернатурада аудиториялық жұмыстың көлемі әр пән көлемінің 30%-ын, БОӨЖ үлесі 30%-ын, БӨЖ – 40%-ын құрайды (сағат саны 15 аптаға қалдықсыз бөліну керек). Резидентурада дайындық аудиториялық жұмысты, клиникалық тәлімгердің басшылығымен өзіндік клиникалық жұмысты және білім алушының өзіндік жұмысын (бұдан әрі – РӨЖ) қамтиды. Аудиториялық жұмыстың көлемі әр пән көлемінің 10%-ын, клиникалық тәлімгердің басшылығымен өзіндік клиникалық жұмыстың 75%-ын, БӨЖ – 15%-ын құрайды.

6.3 Дәрістерді ғылым докторы және (немесе) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылыми атақтары (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор), сондай-ақ тиісті ғылымдар бойынша магистр дәрежесі бар оқытушылар және (немесе) қызметінде өтілі кемінде үш жыл немесе бейін бойынша кемінде бес жыл практикалық өтілі бар аға оқытушылар жүргізеді.

Дәрістерді оқуға және (немесе) басқа оқу сабақтарының түрлерін өткізуге ғылыми қызметкерлер, еңбегі сіңген мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері, шығармашылық одақтардың мүшелері немесе тәжірибелі мамандар тартылады.

6.4 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға арналған университеттің профессор-оқытушы құрамы 1 ОПҚ-ға білім алушылардың орташа арақатынасын негізге ала отырып анықталады:

| № | Атауы | | Білім алушылардың оқытушыларға орташа арақатынасы | |
|---|---|---|---|---|
| **Жоғары білім** | | | **Білім алушы** | **ПОҚ** |
| 1 | Бакалавриатта бағыттар бойынша даярлау: | | | |
| 1.1 | Өнер | | 3,5 | 1 |
| 1.2 | Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау | білім беру бағдарламалары бойынша бейнеле уөнері, музыкаға байланысты мұғалімдерді дайындау | 8 | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1.3 | Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау | білім беру бағдарламалары бойынша шет тілдеріне байланысты мұғалімдерд і дайындау | 8 | 1 |
| 1.4 | Тілдер және әдебиет | Кадрларды даярлау, шетел филологиясы, аудармашылар | 8 | 1 |
| 1.5 | Денсаулық сақтау | | 6 | 1 |
| 2. | Даярлаудың басқа барлық бағыттары және білім беру бағдарламалары бойынша | | 16 | 1 |
| 3. | Дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары, оның ішінде шетел азаматтары үшін | | 6 | 1 |
| | Жоғары оқу орнынан кейінгі білім | | | |
| 4. | магистратурада | | 6 | 1 |
| 5. | резидентурада | | 3 | 1 |
| 6. | докторантурада | | 4 | 1 |

6.5 Бакалавриатта дипломалды практикаға жетекшілік, диплом жұмысына жетекшілік, магистрлік, докторлық диссертацияға жетекшілік (әр жылға), докторлық жұмысқа жетекшілік ету (шетелдік кеңесші) (әр жылға), «Қазақстан тарихы» пәнінен Мемлекеттік емтихан (Мемлекеттік емтихан төрағасы, мүшелері мен хатшы саны 5 адамнан аспайды), АК жұмысына қатысу (АК төрағасы, жұмыс беруші, мүшелері мен хатшы саны 5 адамнан аспайды) сағаттық қорға өтеді, академиялық күнтізбеге, бұйрықтарға және бекітілген кестелерге ***сәйкес сағаттық мөлшерде төленеді***.

ЖООКББ бағдарламаларында зерттеу жұмыстарына соның ішінде магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) және докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, зерттеу, өндірістік практикалары, тағылымдама сағаттық қорға өтеді, академиялық күнтізбеге, бұйрықтарға және бекітілген кестелерге ***сәйкес сағаттық мөлшерде төленеді***.

Дипломдық жұмыстарға (жобаларға), магистрлік диссертацияларға (жобаларға), докторлық диссертацияларға ғылыми жетекшілік біліктілік талаптарына сәйкес тағайындалады.

6.6 Лекциялар мен интерактивті пікірталастарды/сабақтарды жоспарлау бағдарламалар бойынша білім алушылар контингентін ескеру арқылы педагогикалық лектерге жүзеге асырылады. Педагогикалық лектер бағдарлама, тілдік бөлімдер бойынша қалыптасады. Педагогикалық лектердегі білім алушылар саны - 80-100.

6.7 Практикалық сабақтарды жоспарлау ережеге сай, 20-29 білім алушы жиналған педагогикалық лектер жүзеге асырылады.

Тіл үйрену бойынша тәжірибелік сабақтар 12-15 білім алушы жиналған топ бөлігіне жоспарланады.

Лабораториялық сабақтар үшін лектегі білімгерлер саны – 12.

Медицина тобының пәндері бойынша тәжірибелік сабақтар үшін лектегі білімгерлер саны:

1,2-курс – 12;

3,4,5-курс – 10-12;

6,7-курс – 6-8;

Резидентура – 4-5.

6.8 Оқытушының басшылық етуімен білім алушылардың өзіндік жұмысы (бұдан былай – БОӨЖ) 40-50 білім алушылар жиналған педагогикалық ағымдарға (клиникалық пәндерге 25 білім алушыға дейін) жүзеге асырылады. БОӨЖ дәрісханадан тыс жұмыс түрі болып табылады. БОӨЖ оқу сабақтарының жалпы кестесіне кірмей, жеке кесте бойынша орындалады.

6.9 Педагогикалық лектер мен топтар оқу пәніне және оқытушыға жазылу қағидасы бойынша қалыптасады.

6.10 Қорытынды бақылауды (емтихан) қабылдауды оқытушының педагогикалық жүктемесіне жоспарлау кезінде 1 академиялық кредиттің 20 пайызы, яғни 6 сағат немесе 0,2 академиялық кредит 1 топқа (1 топ -20 білім алушы) есебінен, 1 білім алушыға 0,01 академиялық кредит жоспарланады.

6.11 Қорытынды аттестаттауды Аттестаттау комиссиясы өткізеді.

## 7 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

7.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

7.2 СМЖ құжаттарына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

## 8 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

8.1 Университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді

8.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адрестер бойынша жіберіледі: факультет декандары/орталық директоры, кафедра меңгерушілері/бөлім басшылары.

8.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын СРСО-на сақтауға беріледі.

**КЕЛІСІЛДІ**

| | |
| --- | --- |
| Академиялық мәселелер вице-ректоры | Э.Идрисова |
| Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры | Пусат Пилтен |
| Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы | Ж.Дарибаев |
| Заң бөлімінің басшысы | Г.Мусаханов |

**Ф-СМБ-004**

## ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

| | Аты-жөні | Қызметі | Мерзімі | Қолы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ибрагимова Л. | ОЖҰБ басшы | 01.09.2022 | [signature] |
| 2 | Қосжанова. Ұ. | ОЖҰБ бас/ң орынб | 01.09.2022 | [signature] |
| 3 | Турлыбекова Г.С. | Әдіскер | 01.09.2022 | [signature] |
| 4 | Ташенова Меруерт | Маман | 01.09.2022 | [signature] |
| 5 | Кабулова. М.Т | Маман | 01.09.2022 | [signature] |
| | | | | |
| | | | | |
| 1 | Ибрагимова.Л | ОЖҰБ басшы | 01.09.2023 | [signature] |
| 2 | Косжанова. Ұ | ОЖҰБ бас/ң орынб | 01.09.2023 | [signature] |
| 3 | Турлыбекова.Г | әдіскер | 01.09.2023 | [signature] |
| 4 | Ташенова .М | Маман | 01.09.2023 | [signature] |
| 5 | Кабулова. М | маман | 01.09.2023 | [signature] |
| | | | | |
| | | | | |
| 1 | Ибрагимова. Л | ОЖҰБ басшы | 02.09.2024 | [signature] |
| 2 | Косжанова. Ұ | ОЖҰБ бас/ң орынб | 02.09.2024 | [signature] |
| 3 | Турлыбекова Г | әдіскер | 02.09.2024 | [signature] |
| 4 | Ташенова. М | маман | 02.09.2024 | [signature] |
| 5 | Кабулова. М | маман | 02.09.2024 | [signature] |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

***Ф-СМБ-002***

**Өзгерістерді тіркеу парағы**

| № | Өзгеріс енгізу туралы шешім | | Парақ саны | | | | Жалпы парақ | Өзгеріс енгізілетін күн | Өзгерісті жүзеге асырушы тұлға | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Құжат | Бұйрық № | Өзгеріс енгізілген | ауыстырылған | жаңа | жарамсыз | | | Аты-жөны | Қолы |
| | Оқу-әдістемелік кеңес | 22.06.2023ж. №11 хаттамасы | 6.2., 6.7., 6.8., | 5бет 6бет 7бет | 6.2 6.7 6.8 | 5бет 6бет 7бет | 3 | 22.06.2023ж | А.Бостанова | |
| | Оқу-әдістемелік кеңес | 23.08.2024ж №1 хаттама | 6.2., 6.4., 6.7., | 5-бет 6-бет | 6.2 6.4 6.7 | 5-бет 6-бет | 2 | 23.08.2024ж | А.Бостанова | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

сәйкестігін ескере отырып, кафедра меңгерушісі/бөлім басшысы ПОҚ-ң жеке жүктемесін анықтайды, кафедра/бөлім мәжілісінде талқылап, бекітуге ұсынады.

## 6 ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІН ЖОСПАРЛАУ

6.1 Оқу жұмысы көлемін жоспарлаған кезде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең болатыны негізге алынады. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

6.2. Аудиториялық сабақ әр пән көлемінің (дәрістер, практикалық, зертханалық, студиялық, жеке)–денсаулық сақтау (бакалавриат) бағытында клиникаға дейінгі және клиникалық пәндер үшін 40%, денсаулық сақтау (бакалавриат) бағытының теориялық пәндері мен басқа бағыттарда 30%, (сағат саны бакалавриат, магистратура, докторантура үшін 15 аптаға, дайындық орталығында оқитын тыңдаушылар үшін 18 аптаға, ± ауытқулар болу шартымен, қалдықсыз бөліну керек); ОБӨЖ үлесі – денсаулық сақтау (бакалавриат) бағытында клиникаға дейінгі және клиникалық пәндер 10% әр топқа және дайындық орталығы үшін 30%, денсаулық сақтау (бакалавриат) бағытының теориялық пәндері мен басқа бағыттарда 20%, БӨЖ үлесі дайындық орталығы үшін 40%, барлық бағыттарда 50% (ОБӨЖ, БӨЖ – ның сағат саны бакалавриат, магистратура, докторантура үшін 15 аптаға, дайындық орталығында оқитын тыңдаушылар үшін 18 аптаға қалдықсыз бөліну керек;). Интернатурада аудиториялық жұмыстың көлемі әр пән көлемінің 30%-ын, ОБӨЖ үлесі ~~30%~~-10%-ын әр топқа, БӨЖ - 60%-ын құрайды (сағат саны 15 аптаға қалдықсыз бөліну керек). Резидентурада дайындық аудиториялық жұмысты, клиникалық тәлімгердің басшылығымен өзіндік клиникалық жұмысты және білім алушының өзіндік жұмысын (бұдан әрі – РӨЖ) қамтиды. Аудиториялық жұмыстың көлемі әр пән көлемінің 10%-ын, клиникалық тәлімгердің басшылығымен өзіндік клиникалық жұмыстың 30%-ын, БӨЖ –60%-ын құрайды.

6.3 Дәрістерді ғылым докторы және (немесе) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылыми атақтары (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор), сондай-ақ тиісті ғылымдар бойынша магистр дәрежесі бар оқытушылар және (немесе) қызметінде өтілі кемінде үш жыл немесе бейін бойынша кемінде бес жыл практикалық өтілі бар аға оқытушылар жүргізеді.

Дәрістерді оқуға және (немесе) басқа оқу сабақтарының түрлерін өткізуге ғылыми қызметкерлер, еңбегі сіңген мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері, шығармашылық одақтардың мүшелері немесе тәжірибелі мамандар тартылады.

6.4 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға арналған университеттің профессор-оқытушы құрамы 1 ПОҚ-на білім алушылардың орташа арақатынасын негізге ала отырып анықталады:

| № | Атауы | | Білім алушылардың оқытушыларға орташа арақатынасы | |
|---|---|---|---|---|
| Жоғары білім | | | Білім алушы | ПОҚ |
| 1 | Бакалавриатта бағыттар бойынша даярлау: | | | |
| 1.1 | Өнер | | 3,5 | 1 |
| 1.2 | Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау | білім беру бағдарламалары бойынша бейнелеу өнері, музыкаға байланысты мұғалімдерді дайындау | 8 | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1.3 | Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау | білім беру бағдарламалары бойынша шет тілдеріне байланысты мұғалімдерд і дайындау | 8 | 1 |
| 1.4 | Тілдер және әдебиет | Кадрларды даярлау, шетел филологиясы, аудармашылар | 8 | 1 |
| 1.5 | Денсаулық сақтау | | 6 | 1 |
| 2. | Даярлаудың басқа барлық бағыттары және білім беру бағдарламалары бойынша | | 16 | 1 |
| 3. | Дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары, оның ішінде шетел азаматтары үшін | | 6 | 1 |
| | Жоғары оқу орнынан кейінгі білім | | | |
| 4. | магистратурада | | 6 | 1 |
| 5. | резидентурада | | 3 | 1 |
| 6. | докторантурада | | 4 | 1 |

6.5 Бакалавриатта дипломалды практикаға жетекшілік, диплом жұмысына жетекшілік, магистрлік, докторлық диссертацияға жетекшілік (әр жылға), докторлық жұмысқа жетекшілік ету (шетелдік кеңесші) (әр жылға), «Қазақстан тарихы» пәнінен Мемлекеттік емтихан (Мемлекеттік емтихан төрағасы, мүшелері мен хатшы саны 5 адамнан аспайды), АК жұмысына қатысу (АК төрағасы, жұмыс беруші, мүшелері мен хатшы, саны 5 адамнан аспайды) сағаттық қорға өтеді, академиялық күнтізбеге, бұйрықтарға және бекітілген кестелерге ***сәйкес сағаттық мөлшерде төленеді***.

ЖООКББ бағдарламаларында зерттеу жұмыстарына соның ішінде магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) және докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, зерттеу, өндірістік практикалары, тағылымдама сағаттық қорға өтеді, академиялық күнтізбеге, бұйрықтарға және бекітілген кестелерге ***сәйкес сағаттық мөлшерде төленеді***.

Дипломдық жұмыстарға (жобаларға), магистрлік диссертацияларға (жобаларға), докторлық диссертацияларға ғылыми жетекшілік біліктілік талаптарына сәйкес тағайындалады.

6.6 Лекциялар мен интерактивті пікірталастарды/сабақтарды жоспарлау бағдарламалар бойынша білім алушылар контингентін ескеру арқылы педагогикалық лектерге жүзеге асырылады. Педагогикалық лектер бағдарлама, тілдік бөлімдер бойынша қалыптасады. Педагогикалық лектердегі білім алушылар саны - 80-100.

6.7 Практикалық сабақтарды жоспарлау ережеге сай, 20-29 білім алушы жиналған педагогикалық лектер жүзеге асырылады.

Тіл үйрену бойынша тәжірибелік сабақтар 12-15 білім алушы жиналған топ бөлігіне жоспарланады.

Лабораториялық сабақтар үшін лектегі білімгерлер саны – 12-15.

Медицина тобының пәндері бойынша тәжірибелік сабақтар үшін лектегі білімгерлер саны:

1,2-курс – 12-13;
3,4,5-курс –11-13;
6,7-курс – 6-8;
Резидентура – 4-5.

6.8 Оқытушының басшылық етуімен білім алушылардың өзіндік жұмысы (бұдан былай – ОБӨЖ) 40-50 білім алушылар жиналған педагогикалық ағымдарға (клиникалық пәндерге 1 топқа 11-13 білім алушы, клиникаға дейінгі пәндерге 2 топқа 24-26 білім алушыға дейін) жүзеге асырылады. ОБӨЖ дәрісханадан тыс жұмыс түрі болып табылады. ОБӨЖ оқу сабақтарының жалпы кестесіне кірмей, жеке кесте бойынша орындалады.

6.9 Педагогикалық лектер мен топтар оқу пәніне және оқытушыға жазылу қағидасы бойынша қалыптасады.

6.10 Қорытынды бақылауды (емтихан) қабылдауды оқытушының педагогикалық жүктемесіне жоспарлау кезінде 1 академиялық кредиттің 20 пайызы, яғни 6 сағат немесе 0,2 академиялық кредит 1 топқа (1 топ -20 білім алушы) есебінен, 1 білім алушыға 0,01 академиялық кредит жоспарланады.

6.11 Қорытынды аттестаттауды Аттестаттау комиссиясы өткізеді.

## 7 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

7.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

7.2 СМЖ құжаттарына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

## 8 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

8.1 Университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді

8.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адрестер бойынша жіберіледі: факультет декандары/орталық директоры, кафедра меңгерушілері/бөлім басшылары.

8.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын СРСО-на сақтауға беріледі.

**КЕЛІСІЛДІ**

| | |
|---|---|
| Академиялық мәселелер вице-ректоры | Э.Идрисова |
| Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры | Пусат Пилтен |
| Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы | Ж.Дарибаев |
| Заң бөлімінің басшысы | Г.Мусаханов |

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 2022-2023 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің №11 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ**

**Түркістан қаласы** **22 маусым 2023 жыл**

**Өткізілген орны:** Сенат залы

**Өткізілген уақыты:** 2023 жыл 22 маусым, сағат– 15:00

**Қатысқандар –** ОӘК мүшелері

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

5. Әртүрлі мәселелер

5.6 Университеттің профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау ережесіне және Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу *(баяндамашы: Академиялық департамент директоры – А.М. Бостанова);*

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5.6 Университеттің профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау ережесіне және Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін *(баяндамашы: Академиялық департамент директоры – А.М. Бостанова).*

**Оқу-әдістемелік комитет төрайымы** **Э.Қ.Идрисова**

**Оқу-әдістемелік комитет хатшысы** **А.Б.Тасова**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
КӨШІРМЕ ДҰРЫС
Әдістемелік бөлім

**А.Б.Тасова**

сәйкестігін ескере отырып, кафедра меңгерушісі/бөлім басшысы ПОҚ-ң жеке жүктемесін анықтайды, кафедра/бөлім мәжілісінде талқылап, бекітуге ұсынады.

## 6 ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІН ЖОСПАРЛАУ

6.2. Аудиториялық сабақ әр пән көлемінің (дәрістер, практикалық, зертханалық, студиялық, жеке)–денсаулық сақтау (бакалавриат) бағытында клиникаға дейінгі және клиникалық пәндер үшін 40%, денсаулық сақтау (бакалавриат) бағытының теориялық пәндері мен басқа бағыттарда 30%, (сағат саны бакалавриат, магистратура, докторантура үшін 15 аптаға, дайындық орталығында оқитын тыңдаушылар үшін 18 аптаға, ± ауытқулар болу шартымен, қалдықсыз бөліну керек); ОБӨЖ үлесі – денсаулық сақтау (бакалавриат) бағытында клиникаға дейінгі және клиникалық пәндер 10% әр топқа және дайындық орталығы үшін 30%, денсаулық сақтау (бакалавриат) бағытының теориялық пәндері мен басқа бағыттарда 20%, БӨЖ үлесі дайындық орталығы үшін 40%, барлық бағыттарда 50% (ОБӨЖ, БӨЖ – ның сағат саны бакалавриат, магистратура, докторантура үшін 15 аптаға, дайындық орталығында оқитын тыңдаушылар үшін 18 аптаға қалдықсыз бөліну керек;). Интернатурада аудиториялық жұмыстың көлемі әр пән көлемінің 30%-ын, ОБӨЖ үлесі 10%-ын әр топқа, БӨЖ - 60%-ын құрайды (сағат саны 15 аптаға қалдықсыз бөліну керек). Резидентурада дайындық аудиториялық жұмысты, клиникалық тәлімгердің басшылығымен өзіндік клиникалық жұмысты және білім алушының өзіндік жұмысын (бұдан әрі – РӨЖ) қамтиды. Аудиториялық жұмыстың көлемі әр пән көлемінің 20%-ын, клиникалық тәлімгердің басшылығымен өзіндік клиникалық жұмыстың 20%-ын, БӨЖ –60%-ын құрайды.

6.4 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға арналған университеттің профессор-оқытушы құрамы 1 ПОҚ-на білім алушылардың орташа арақатынасын негізге ала отырып анықталады:

| № | Атауы | | Білім алушылардың оқытушыларға орташа арақатынасы | |
|---|---|---|---|---|
| Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім | | | Білім алушы | ПОҚ |
| 1 | Бакалавриат даярлау бағыттары бойынша: | | | |
| 1.1 | Өнер | | 4 | 1 |
| 1.2 | Жалпы дамытудың пәндік мамандандырылған оқытушыларын даярлау | білім беру бағдарламалары бойынша бейнелеу өнері, музыкаға байланысты мұғалімдерді дайындау | 10 | 1 |
| 1.3 | Тілдер және әдебиет бойынша оқытушыларды даярлау | білім беру бағдарламалары бойынша шет тілдеріне байланысты оқытушыларын дайындау | 10 | 1 |
| 1.4 | Тілдер және әдебиеттер | Шетел филологиясы, аудармашы кадрларды даярлау | 10 | 1 |
| 1.5 | Денсаулық сақтау | | 7 | 1 |
| 1.6. | Педагогикалық ғылымдар | | 12 | |
| 1.7. | Өнер және гуманитарлық ғылымдар | Гуманитарлық ғылымдар кадрларын даярлау | 10 | |
| 2. | Даярлаудың басқа барлық бағыттары және білім беру бағдарламалары бойынша | | 16 | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3. | Дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары, оның ішінде шетел азаматтары үшін | 7 | 1 |
| 3.1 | Тіл білімін жетілдіру курсының тыңдаушылары | 12 | 1 |
| | **Жоғары оқу орнынан кейінгі білім** | | |
| 4. | магистратурада | 7 | 1 |
| 5. | резидентурада | 4 | 1 |
| 6. | докторантурада | 5 | 1 |

6.7 Практикалық сабақтарды жоспарлау ережеге сай, 20-29 білім алушы жиналған педагогикалық лектер жүзеге асырылады.

Тіл үйрену бойынша тәжірибелік сабақтар 15-20 білім алушы жиналған топ бөлігіне жоспарланады.

Лабораториялық сабақтар үшін лектегі білімгерлер саны – 13-17.

Медицина тобының пәндері бойынша тәжірибелік сабақтар үшін лектегі білімгерлер саны:

6,7-курс – 8-9;

Резидентура – 5-6.

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**2024-2025 оқу жылындағы**
**Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің кезектен тыс**
**№1 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ**

**Түркістан қаласы** **23 тамыз 2024 жыл**

**Өткізілген орны:** Зум бағдарламасы

**Өткізілген уақыты:** 2024 жыл 23 тамыз, сағат– 15:00

**Қатысқандар –** ОӘК мүшелері

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

7. Университеттің профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау ережесіне өзгеріс енгізу *(Баяндамашы: Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы - Л.Ибрагимова);*

**Күн тәртібіндегі жетінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

7. Университеттің профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау ережесіне өзгерістер енгізілсін *(Жауапты: Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы - Л.Ибрагимова).*

**Оқу-әдістемелік комитет төрайымы** **Э.Қ.Идрисова**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
КӨШІРМЕ ДҰРЫС
Әдістемелік бөлім

**Оқу-әдістемелік комитет хатшысы** **А.Б.Тасова**

**А.Б.Тасова**